

«Астана Медицина Университеті»

# Құлақтың бөгде заттары

Базартаев М

711 ВОП

- \* Сыртқы есту тесігіндегі бөгде зат. Олар ұсақ жәндіктер, дән, темір бөлшектері т.б. сияқты әртүрлі заттар болуы мүмкін. Ауру құлағының ішіндегі кедергіге, есту қабілетінің төмендігіне, кейде, әсіресе бөгде зат әрі кетіп дабыл жарғағына жанасқанда, ауыратынына шағым айтады.
- \* Диагнозды анықтау үшін, анализдің маңызы зор. Бөгде заттың нақты сипатын отоскопия жасағанда ғана алуға болады. Ауруға жедел жәрдемді қажетті шарттарды орындағанда ғана көрсетуге болады: бөгде затты көзбен бақылап алғанда: тиісті құрал-саймандар болса: аурудың басы сенімді түрде қимылдамайтын жағдайда болғанда.
- \* Бұлай болмаған күнде ауру жағдайын нашарлатып, бөгде затты аламын деп есту түтігін, дабыл жарғағын, есту сүйекшелерін зақымдап алуы мүмкін.
- \* Қабырғасы тегіс есту тесігінен бөгде затты арнайы ілмектің көмегімен алу қолайлы. Сыртқы есту тесігін Жане шприцімен жуу да тиімді. Бұндай жағдайда сұйықтықты есту тесігінің артқы жоғарғы қабырғасына бағыттау керек.

- \* Классификациясы

- \* Пайда болу механизміне байланысты

- \* Экзогенді  
эндогенді

Экзогенді бөгде зат қоршаған сыртқы ортадан келеді  
эндогенді — құлақтың өзінде пайда болады.

- \* Тірі емес (инертті)


- \* тірі (жәндіктер).

- \* Тірі емес бөгде заттарға майда тастар, құм, түйме, моншаұтар жатады.

- \* Тірі бөгде заттарға жәндіктер.

- \* Құлаққа құлық қатып, тесігін мүлдем бітеп тастағанда есту нашарлайды, бірақ құлақты тазалағанда ол қайтадан қалпына келеді.
- Құлақ ішіне бөгде заттар — насекомдар, құлақты тазалағанда мақта т. б. тұрып қалады. Балалар ойнап жүріп, кейде құлағына күнбағыс дәнін, қағаз, түйме, моншақ секілді ұсақ заттарды кіргізіл алады.
- \* Мұндайда дереу дәрігерге қарату қажет, өйткені құлақтағы затты дұрыс алмаудың салдарынан оның есту жолы мен дабыл жарғағы жарақаттанып, ортаңғы құлақ ауруға шалдығуы мүмкін. Құлақ қуысын дұрыс тазаламау не үшкір заттармен (шпилька, сіріңке талы) шұқылау салдарынан кейде ол тітіркенеді не есту саңылауының терісі сызаттанады. Сызатқа микробтар түскенде есту саңылауында сыздауық пайда болуы мүмкін; бұл ауру асқынған жағдайда ортаңғы құлақ қабынып, есту нашарлайды.
- \* Құлақты саусаққа оралған таза шүберекпен, не сіріңке талына оралған мақтамен тазалау қажет. Құлақ қышыған жағдайда мақтаны әтірге не вазелин майына шылан алады. Егер қышуы басылмаса, дәрігерге қаралған жөн. Құлақтың жөнді естімеуі көп жағдайда ортаңғы құлақтың қабынуына не есту нервтерінің зақымдануына байланысты.

- \* Тірі емес бөгде зат бірнеше уақыт мазасыздық тудырмауы мүмкін.
- \* Көлемі үлкен болған жағдайда есту жолын бітеп, есту қабілетін төмендетеді.
- \* Бөгде зат үшкір болып келсе сыртқы есту жолының терісін немесе дабыл жарғағын заұымдап ұұлаұтан қанды бөліністердің бөлінуін кореміз. Осының әсерінен дабыл жарғағының перфорациясын болып, ол жерге инфекция түсіпортаңғы отит дамиды.



- \* Тірі емес бөгде зат кезіндегі белгілер:
- \* —ауырсыну;
- \* —құлақтан қанды бөлінділер
- \* —жарақат, дабыл жарғағы перфорациясы
- \* —қысылу, ауыру сезімі
- \* —құлақ маңы тіндерінің өліеттенуі.

- \* Тірі бөгде зат кезіндегі белгілер: жәндіктер, құрттар, сүліктер
- \* —ауырсыну;
- \* —естудің төмендеуі;
- \* —қысым жоғарылауы;
- \* —құлақтың іші қышуы;
- \* —шуыл
- \* —бас айналу;
- \* —рефлекторлы лоқсу, құсу рвоту;
- \* —тырысу белгілері;
- \* — тіндер некрозы.



## Диагностикасы

Құлақта бөгде зат анықталған жағдайда тез арада оториноларинголог дәрігерге қаралу.

отоскопию жасауда бөгде зат тез анықталады

Бөгде зат құлақта ұзақ уақыт болса отоскопиямен көрінбейді, самай сүйегіне КТ жасалады.





ЕМІ:

Жалпақ бөгде заттарды қысқыш көмегімен алынып тасталады. (қағаз қиындылары, мақта).

- \* Домалақ бөгде заттарды Жане шприці арқылы алады. Балаларға жергілікті анестезия қолданады, процедура ауырсынумен өтеді. Домалақ бөгде зат кезінде қысқыш қолдануға болмайды.
- \* Есту жолын бітеген бөгде затты арнайы крючоктармен алынады.
- \* Жәндіктерді құлақ ішінен шығару алдында оларды өлтіріп алу керек. Қызған май немесе спирт тамызу арқылы жәндіктерді өлтіру керек. Өлген жәндіктерді жуып алып тастайды.
- \* Бірақ дабыл жарғағы зақымдалған болса құлақ ішін жуып, тазалауға болмайды. Арнайы крючоктар қолдану арқылы алынады.
- \* Сыртқы есту жолының қабынуы болғанда қабынуды емдеп, бөгде затты тек содан кейін алады.
- \* Қабырғасы тегіс есту тесігінен бөгде затты арнайы ілмектің көмегімен алу қолайлы. Сыртқы есту тесігін Жане шприцімен жуу да тиімді. Бұндай жағдайда сұйықтықты есту тесігінің артқы жоғарғы қабырғасына бағыттау керек.

- \* Тимпанопункция – дабыл қуысында жиналып қалған сұйықтықты алу бойынша емдік немесе диагностикалық ота.
- \* Өткізу тәсілі
- \* Ота жергілікті анестезиямен өткізіледі. Отоларинголог пункция орнын дайындап, сол тұсты теседі. Дабыл қуысынан сұйықтықты шығару үшін сорғыш пайдаланылады. Егер сұйықтық қою болса, шығарылуды жақсарту үшін жол кеңейтіледі. Пункция инесінің көмегімен сұйықтықты зерттеу үшін алуға болады, әрі дәрілік препарат енгізуге болады. Тимпанопункция материалының негізіндегі бактериограмма ең сенімді болып табылады.
- \* Көрсетілімдер: отит кезінде бактерияларға қарсы терапияның нәтиже бермеуі. Отиттен кейінгі іріңді асқыну. Ауыруды сезіну. Балалардағы ауру тудырғышын анықтау қажеттілігі. Отадан кейінгі кезеңде кондуктивті саңыраулықтың дамуы.

# ПРОФИЛАКТИКА

- \* • Алдымен, құлақты дұрыс және ұдайы тазалау қажет. Әдетте, жиналған құлықты есту жолына кірер тұсында тазалаған жеткілікті.
- \* • Құлақты тазалауға үшкір заттарды қолдануға болмайды.
- \* • Құлықпен бітелісті және бөгде заттектерді есту жолынан өз бетінше алған дұрыс емес, оны дәрігерге тапсырған жөн.
- \* • Жуынғанда немесе шомылғанда құлаққа су кіруінен сақтану қажет, әсіресе, ашық суда.
- \*